№1 ХАТТАМА

«29» 08. 2025 жыл

№1 әдістемелік кеңес

Төрайымы:балабақша меңгерушісі Э.Тыштыбаева

Хатшы: балабақша әдіскері М.Жанбаева

Қатысқандар: Педагогикалық ұжым

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс әрекеттер кестесін құру

1-ТЫҢДАЛДЫ:

«МЛН БАЛАҚАЙ» балабақша әдіскері М.Жанбаева күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін ұсынды. Әдіскер күн тәртібінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде құрылғанын және әр жас ерекшелігіне сай тамақтану, ұйықтау, серуендеу, ойын және ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің уақытын үйлестіріп жоспарлағанын баяндады. Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, балалардың физиологиялық дамуын ескеру, ата-аналардың ұсыныстарын назарға алу қажеттігін айтты. Ұйымдастырылған іс әрекеттердің кестесі Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы бұйрығының жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 № 7 бұйрығы негізінде құрылғанын, былтырғы кестеге қарағанда өзгерістер бар екенін атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиешілер кестенің балалардың жас ерекшеліктеріне сай жасалғанын, әсіресе шығармашылық және ойын іс-әрекеттерінің уақытын тиімді бөлгенін қолдады.
Сонымен қатар медбике санитарлық талаптарды бұлжытпай орындаудың маңызын еске салды.

Қаулы етті:

1. Күн тәртібін орындау барысында балалардың жас ерекшеліктерін, физиологиялық және психоэмоциялық дамуын ескеріп, санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау міндеттелсін.

Төрайымы: _____ Э.Тыштыбаева

Хатшы: _____ М.Жанбаева

№2 ХАТТАМА

«22» 09. 2025 жыл

№2 әдістемелік кеңес

Төрайымы: Э.Тыштыбаева
Хатшы: М.Жанбаева
Қатысқандар: Педагогикалық ұжым мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспарын құру

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнымен таныстырды. Бағдарламаның мақсаты – балаларды адалдыққа, әділдікке, еңбекқорлыққа және Отансүйгіштікке тәрбиелеу екені атап өтілді.
Бағдарламаны іске асыру бағыттары:

- ұлттық құндылықтарды енгізу;
- педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру;
- заманауи әдістемелерді (мультстудия, жасанды интеллект, ойын арқылы тіл үйрету) қолдану;
- зерттеу әрекетін дамыту және ерте кәсіптік бағдарлау.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Кеңеске қатысқан педагогтер мен ата-аналар төрайымдары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жолдары бойынша өз ойларын ортаға салды. Балаларды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеуде халық ертегілері мен ұлттық ойындарды, жағдаяттық тапсырмаларды тиімді пайдалану қажеттігі айтылды. Сонымен қатар бағдарламаны іске асыру барысында балалардың эмоционалдық дамуына көңіл бөлу, ата-аналармен бірлескен жұмысты жүйелі ұйымдастырудың маңызы атап өтілді. Тәрбиешілер ұіә халық әндері мен күйлері арқылы отансүйгіштікке баулу, сондай-ақ ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету және отбасылық іс-шараларды өткізу қажеттігі жөнінде ұсыныстар білдірілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары жасалып, педагогтерге оқу-тәрбие процесінде адалдық, әділдік, еңбексүйгіштік құндылықтарын дәріптеу тапсырылсын.

Төрайымы: _____ Э.Тыштыбаева
Хатшы: _____ М.Жанбаева

№3 ХАТТАМА

« 10 . » 11. 2025 жыл

№3 әдістемелік кеңес

Төрайымы: Э.Тыштыбаева
Хатшы:М.Жанбаева
Қатысқандар: Педагогикалық ұжым мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің ережелерін дайындау

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің кестесін таныстырды, ережелерді дайындау тәртібі бойынша баяндама жасады. Байқаулар мен көрмелердің ережелерін нақтылау, оларды әдістемелік тұрғыдан дайындау қажеттілігі сөз болды. Сонымен қатар, әр түрлі байқаулар мен көрмелердің балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы маңыздылығы туралы айтылды. Байқаулар ережесін дайындауда «Балаларды ерте дамыту институнының» сайтында берілген ережелерге сәйкес құрылуы тиіс екендігі. №514 бұйрықта бар байқаулар ғана ұйымдастырылатыны ескертілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші А.Жапсарбаева өз сөзінде: байқаулар мен көрмелердің ережелерін дайындау барысында балалардың жас ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Осыған орай байқаулар мен көрмелерде шығармашылық пен ынталандыру аспектілері басты назарға алынуы керектігі айтылды. Әдіскердің байқаулар мен көрмелердің ережелерін әзірлеу барысында әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігін атап өтті. Байқаулар мен көрмелердің әр кезеңін дұрыс жоспарлап, әр топтың ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмалар мен шарттар әзірленуі тиіс.

Тәрбиешілер балалардың психологиялық дайындықтары мен қызығушылықтарын ескерудің маңыздылығын атап өтті. Байқаулар мен көрмелерді ұйымдастыруда балалардың эмоциялық және когнитивтік дамуын қолдайтын ережелер мен шарттарды енгізу қажет.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025-2026 оқу жылында ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің кестесі, ережелері бекітілсін.

Төрайымы: _____Э.Тыштыбаева
Хатшы: _____М.Жанбаева

№4 ХАТТАМА

« 12. » 01. 2026 жыл

№4 әдістемелік кеңес

Төрайымы: Э.Тыштыбаева
Хатшы: М.Жанбаева
Қатысқандар: Педагогикалық ұжым мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тәрбиешілерге арналған байқаулар ережесін дайындау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.Жанбаева сөз алып, тәрбиешілер арасында өткізілетін байқаулардың мақсаты мен міндеттері туралы баяндады. Байқаулар ережесін дайындау барысында педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық әлеуетін дамыту және тәжірибе алмасуға жағдай жасау қажеттілігі атап өтілді.
Сонымен қатар, байқаулар ережелері нақты, түсінікті және әдістемелік талаптарға сай құрылуы керектігі айтылды. Байқауларды ұйымдастыруда қолданыстағы нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу қажеттілігі ескертілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Ж.Бейсенбаева өз сөзінде байқаулар ережесінде бағалау критерийлерінің айқын көрсетілуі маңызды екенін атап өтті. Байқаулар педагогтердің шығармашылық бастамасын қолдап, кәсіби өсуіне ықпал етуі тиіс екендігін айтты.

Тәрбиеші Ж.Баладжанова байқауларды өткізу кезінде әділдік пен ашықтық қағидаларын сақтау, қатысушыларға алдын ала түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Тәрбиешілерге арналған байқау ережелері әдістемелік талаптарға сәйкес әзірленсін және бекітілсін.

Төрайымы: _____Э.Тыштыбаева
Хатшы: _____М.Жанбаева

№5 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 02.04.2026ж

Қатысқандар: Педагогтар

Төрайымы: балабақша меңгерушісі Э. Тыштыбаева

Хатшы: балабақша әдіскері Д.К.Абдимусаева

КҮН ТӘРТІБІ:

- Экологиялық ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар және экологиялық жобалар жоспарын дайындау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес барысында әдіскер Абдимусаева Д экологиялық тәрбие беру бағытындағы жұмыстарды ұйымдастырудың маңыздылығы туралы баяндама жасады. Балаларға қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында өткізілетін іс-шаралардың мазмұны мен бағыттары ұсынылды.

Сонымен қатар, экологиялық ақпараттық шаралар (ашық сабақтар, тәрбие сағаттары), акциялар (тазалық жұмыстары, ағаш отырғызу), көрмелер (табиғи материалдардан жасалған бұйымдар), байқаулар (сурет, қолөнер, жоба) және экологиялық жобалар жоспарын жүйелі түрде ұйымдастыру қажеттігі атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Әдіскер: Абдимусаева Д Экологиялық бағыттағы жұмыстарды жоспарлы түрде жүргізу қажеттігін айтты. Жылдық жоспарға нақты іс-шараларды енгізіп, әр топтың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастыруды ұсынды.

2. Тәрбиеші: М.Жанбаева :Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру үшін тәжірибелік жұмыстар мен бақылауларды көбірек жүргізу керектігін жеткізді. Табиғи материалдарды пайдалану арқылы шығармашылық жұмыстарды дамыту ұсынылды.

3. Тәрбиеші: Ж.Баладжанова Экологиялық акцияларға ата-аналарды тарту тиімді екенін атап өтті. Бірлескен жұмыстар балалардың жауапкершілігін арттыратынын айтты.

4. Меңгеруші:Э. Тыштыбаева Экологиялық тәрбие беру – балабақшадағы маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті. Барлық іс-шаралардың сапалы әрі мазмұнды ұйымдастырылуын қадағалауды тапсырды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

Экологиялық бағыттағы іс-шаралардың жылдық жоспары бекітілсін.

Ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар және жобалар жүйелі түрде өткізілсін.

Әр топ бойынша жауапты тұлғалар бекітілсін.

Ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылсын.

Іс-шаралардың орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

Төрайымы: _____Э.Тыштыбаева

Хатшы: _____Д.Абдимусаева